

«БЕКІТЕМІН»

ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК директоры

Р. Т. Емелбаев

«_____» 2023 ж.

**«Офтальмологиялық диагностика» пәні бойынша
Педагогтердің білімін бағалауға арналған тест спецификациясы
(2023 жылдан бастап қолдану үшін)**

- 1. Мақсаты:** Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтарды аттестаттау барысында педагогтердің білімін бағалауға арналған тест тапсырмаларын әзірлеу үшін құрастырылған.
- 2. Міндеті:** Педагогтардың біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.
- 3. Мазмұны:** «09140200 – Медициналық оптика» мамандығы, 4S09140201 – Медициналық оптик, 4S09140202-Оптикометрист біліктіліктеріне арналған «Офтальмологиялық диагностика» пәні бойынша педагогтарды аттестациялауға арналған тест.

№	Тақырып	№	Тақырыпша
01	Офтальмологияға кіріспе	01	Офтальмология пәні. Көруді зерттеу әдістері.
02	Офтальмологиялық диагностика	02	Көруді тексеру
		03	Көрудің кез келген қиындығын қалпына келтіру
Мәнмәтіндік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б.).			

4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Психологияға кіріспе: Офтальмология көз алмасы, оның қосалқыларын (қабақ, көз жас ағзалары, конъюнктива), айналадағы майлы және сүйек тіндерін (орбита) зерттейді және емдейді. Ол үшін офтальмологтар көру кестесін арнайы кестелер арқылы тексереді.

Көру өткірлігін анықтау (висометрия) проекциялық жабдықты және сынақ линзалар жиынтығын немесе фопроптер көмегімен жүзеге асырылады. Науқастың миопиясын, гипермиопиясын және астигматизмін анықтау үшін автоматты түрде торлы қабыққа назар аударатын, көздің қабығының сынуын, оптикалық қуатын анықтайтын және нәтижесін шығаратын аутореффератометр құралы қажет. Көзішілік қысымды анықтау үшін әдетте бірнеше әдістер қолданылады: жанаспайтын пневмотонометр, Маклаков тонометрі және Голдман аплантация тонометрі немесе тонограф.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 25 %; орташа деңгейде (В) – 50 %; жоғары деңгейде (С) – 25 %.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. **Тест тапсырмаларының формалары:** Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. **Тест тапсырмаларын орындау уақыты:** Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минутты құрайды.

8. **Бағалау:**

Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға 0 балл алады.

9. **Ұсынылған әдебиеттер тізімі:**

1. Розенблюм Ю.З. Оптометрия. – СПб, 1996.

2. Көз аурулары. Медициналық колледждерге арналған оқулық. Е.А.Егоров, Л.М.Епифанова, издательство «ГЭОТАР-Медиа», 2016

3. Глазные болезни, Передерий В.А., издательство «Эксмо», 2018

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы

Оқу-ағарту министрлігінің

Техникалық және кәсіптік

білім департаменті


(қолы)

(Т.А.Ә)

«___» _____ 2023 ж.











